

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы маусым

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚАША ШОЛУ

2024 жылғы маусымда АХҚО биржасы саудаланатын борыштық қағаздар көлемінің және жаңа сауда мүшелері санының ұлғаюы бөлігінде айтарлықтай өсім көрсетті. Сондай-ақ бөлшек инвесторлар санының және AIX Qazaq Index мәнінің өсуі байқалды.

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА МҮШЕЛЕРІ

АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны Еуропа мен Қазақстанның сауда мүшелерінің қосылуы есебінен 42-ден 44-ке дейін өсті

44
Сауда мүшесі

+1 жаңа

Еуропадан сауда мүшесі

+1 жаңа

Қазақстаннан сауда мүшесі

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттық көлемі \$707 млн-ға дейін өсті, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы \$140 млн-мен салыстырғанда 5 есе өсім

\$707
МЛН

5 есе

2023 жылдың алғашқы алты айына қарағанда көп

\$582 млн

Бүкіл 2023 жылғы сауда-саттық көлемі

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ

2024 жылдың 6 айында АХҚО биржасында бағалы қағаздардың 184 шығарылымы жүзеге асты

184
шығарылым

+44 жаңа

2024 жылдың 1 жартыжылдығындағы бағалы қағаздар листингтері

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы маусымда бөлшек инвесторлар АХҚО биржасында 17 мың шот ашты. АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны Еуропадан 1 сауда мүшесі және Қазақстаннан 1 сауда мүшесі келгеннен кейін 42-ден 44-ке дейін өсті.


БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР

1,76 млн

Бөлшек инвесторлар

+17 мың

2024 ж.
маусымдағы жаңа
бөлшек
инвесторлар




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

44

Сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX

2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады. 2024 жылдың маусымында индекс көрсеткіштері сәл өсіп, рекордтық көрсеткіш – 1 345 жетті.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ


1 345

Индекс мәні



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы маусымдағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Сауда-саттықтың жиынтық көлемі жоғары көрсеткіштерді көрсетуді жалғастыруда: 2024 жылдың алғашқы 6 айында АХҚО биржасында \$707 млн (2023 жылғы \$582 млн-мен салыстырғанда) сомасына сауда жасалды. Мамыр айындағы төмендеуден кейін нарықтық капиталдандыру \$75 млрд дейін өсті.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$43M

2024 г. жылғы маусымдағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

~1,5 есе

2023 ж. маусымдағыдан көп



НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНЫРУ

\$75 млрд

Нарықтық капиталдандыру




Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы маусымда АХҚО биржасында саудаланатын акциялардың көлемі \$9 млн құрады, бұл өткен жылғы маусымдағы көрсеткіштерден (\$6 млн) 1,5 есе жоғары.



Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.


ТОП-5 АКЦИЯ

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


OZON



Kaspi.kz



Банк ЦентрКредит




Қазатомөнеркәсіп




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Solidcore




Air Astana




Қазатомөнеркәсіп



Halyk Bank




Kaspi.kz




* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың маусымында борыштық міндеттемелер листингтерінің саны, АИХ-тегі эмитенттердің саны 8 жаңа листингпен және 4 жаңа эмитентпен өсті. АИХ-тегі борыштық міндеттемелермен сауда-саттық көлемі \$34 млн-ға жетті, бұл өткен жылдың осы кезеңінде саудаланған \$24 млн-мен салыстырғанда 1,4 есе көп.




Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.




Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$53 млн-ға ұлғайып, \$4,5 млрд құрады. Салалар бойынша инвестициялардың бөлінісі сәл өзгерді, алайда көшбасшылықты әлі де мынадай бағыттар сақтап қалды: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар.




Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2023-2024 жж. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында (USD/EUR) орналастырылған облигациялар
 Теңгемен орналастырылған облигациялар

— АҚШ федералды қорының тиімді мөлшерлемесі *
 — Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

* Федералды резерв жүйесінің Басқарушылар кеңесі (АҚШ)

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

